

# Ту, елтаңба және әнұран – қасиетті құндылықтар

Жыл сайын 4 маусым күні елімізде ҚР мемлекеттік рәміздер күні аталып өтеді. Ту, елтаңба және әнұран – мемлекетіміздің ең негізгі рәміздері екені белгілі. Еліміздің әр азаматы оларды құрметтеп, қастерлеуі тиіс.

Мемлекеттік рәміздер – белгілібір елдің өзіндік өмір салтын, тіршілік болмысын, арман-мұратын, көршілес елдермен қатынасын білдіретін ерекше белгілер.



Өткен ғасырдың 90-шы жылдары Қазақстан Республикасының елтаңбасы, туы, әнұраны әлемдік рәміздер каталогына еніп, халықаралық қауымдастықта мойындалды. Б.з.д. 5 ғасырда Есік қорғанынан табылған «Алтын адамның» кемі 4000 мыңға жуық әшекеймен безендірілсе, сол әшекейлер барыс, бұлан, таутеке, арқар, ат, түрлі құс бейнелерін беретін «андар» стилінде жасалған. Көк туымыздағы ою-өрнекті қошқар мүйіз де осыдан шыққан.

Мемлекеттік рәміздеріміз бүгінде шартарапқа кеңінен танылды. Қазақ елін әлем жұртшылығы мойындады. Біздің көк байрағымыз Біріккен Ұлттар Ұйымының ғимараты алдында тұр. Қазақстан Республикасының шетелдердегі елшілік-

тері ғимаратының маңдайшаларына тігілген.

Қазақтың көк туын ғарышкер Талғат Мұсабаев көк аспанда самғатты, әлемдік спорт додаларында еліміздің олимпиада жеңімпаздары әнұранымызбен бірге көк туымызды биікке көтерді. Мұның бәрі - Қазақстан Республикасының әрбір азаматы үшін үлкен мәртебе, зор мақтанш.

4 маусым күні - ҚР мемлекеттік рәміздер күніне орай Көбетей ауылының мәдениет үйінде ұйымдастырушысы Қ.С. Уразбаеваның, кітапханашылар: Г.А. Қуандықова, М.Қ. Тажмағанбетова бірлесе отырып, оқушылар арасында «Ту, елтаңба және әнұран – қасиетті құндылықтар» атты тарихи-танымдық турнир ұйымдастырды. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу, оның тарихын, мемлекеттік атрибуттардың мәні мен рөлін зерделеу, Отанына деген

сүйіспеншіліктерін арттыру бұл шараның мақсаты болып табылды. Сахна төріне ҚР Елтаңбасы, туы, әнұраны және «Мемлекеттік рәміздер – елдігіміздің нышаны» атты кітап көрмесі қойылды. Іс-шара барысында әр топта 4 баладан тұратын 3 топ құрылды: «Қыран», «Тұлпар», «Алтын дән». Турнир шарты бойынша әр топқа хат ішіндегі сұрақтар тапсырылды. Берілген сұрақтарға Рыспаева Зарина, Қуаныш Саян, Зейнекешева Аяжан және т.б. белсенділікпен қатысты. Әрине, бұл шараға қатысушылар өз білімдерін ортаға салып, білмегендерін көңілге түйді деп ойлаймыз.

Турнир соңында топ мүшелеріне шағын сыйлықтар тапсырылды.

**Г. Қуандықова, Көбетей ауылы**